

Кулдеева А.Т., 4 курс (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ)
Ғылыми жетекші – қауымдастырылған профессор, PhD Төлеуұлы А.

ЛОГИСТИКАДАҒЫ ЦИФРЛАНДЫРУ ҚҰРАЛДАРЫ

Әлемде Industry 4.0 дамуымен байланысты барлық шаруашылық салаларында көптеген өзгерістер орын алуда. Көптеген сарапшылар бұл өзгерістерді оң бағалауда, BCG және PwC соңғы зерттеулеріне сәйкес, 4.0 индустриясы тиімділікті 15-20% арттырады және келесі бес жыл ішінде кірістің 20%-дан астамын қамтамасыз етеді деп күтілуде. Бұндай өзгерістердің белең алуына әсер етуші маңызды факторлардың бірі цифровизациялау болып табылады. Осы орайда цифрлық логистиканы дамыту тасымалдау процесін оңтайландыруға, оны жоспарлау мен қамтамасыз ету шығындарын едәуір азайтуға мүмкіндік береді, өсіп келе жатқан ұлттық экономика үшін жаңа мүмкіндіктер тудырады.

Логистикадағы цифрландыру процесі қарапайым қағаз құжаттарды цифрлық форматқа ауыстырудан басталады, бұл тауарларды рәсімдеу шығындарын 3 есеге дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Мысалы, даниялық Maersk ірі контейнерлік тасымалдар компаниясының барлық тапсырыстарының 98%-ы қазір сандық түрде жасалады, ал тапсырыстар мен тасымалдау құжаттамасының 50%-ы компанияның веб-сайтында өңделеді, бұл күн сайын 250 000-нан астам бизнес-транзакцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осыған ұқсас тәжірибе қазіргі таңда отандық компанияларда да қолданылуда, оған мысал ретінде логистикалық қызметпен айналысатын «KTZ Express» компаниясының сайтында онлайн калькулятор тұтынушыларға жеткізілім құнын алдын ала есептеуге көмектеседі, сонымен қатар, сайтта тұтынушыларға арналған CRM жүйесі орналастырылған.

Цифровизациялау және цифрлық экономиканы құраушылардың бірі ретінде инновацияларды қарастырған жөн. Инновация түсінігі логистикада жүкті жеткізуді, әртүрлі процесстерді тездету үшін көмектесетін жаңа технологияларды білдіреді. ҚР көлік және қоймалау саласында инновацияланған кәсіпорындар үлесі әлі де болсын аз (кесте 1).


Кесте 1

Көлік және қоймалау саласын инновациялау көрсеткіштері

	Кәсіпорын саны	Оның ішінде инновациясы барлар	Инновация саласындағы белсенділік деңгейі, %	Инновациялық қызмет саласында басқа ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеген кәсіпорындар саны, бірлік
Көлік және қоймалау	2068	184	8,9	79

Көлік және қоймалау қызметінде инновациялану деңгейі салыстырмалы түрде орташа деп айтуға болады, себебі басқа салаларда бұл көрсеткіш 15,7%-дан 2,5% аралығында.

Цифрлық экономикаға да, логистикаға да айтарлықтай өзгеріс әкеліп жатқан технологиялардың бірегей IoT екені сөзсіз. Көлік және логистика саласында «заттар интернеті» көлік құралдарын, материалдық ағындарды оңтайлы басқаруға мүмкіндік береді. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасында да аталмыш технологиялардың маңызы аталып кеткен болатын. Қазіргі таңда Қазақстандағы IoT нарығының 85%-ын тұрғын үй коммуналдық қызметтері, «Smart City» жобасы, «Smart House» жобасы аясындағы шешімдер және қоғамдық орындардағы инженерлік жүйелерді интеллектуалды түрде басқару бағдарламалары құрайды (1-сурет).



Сурет 1. ҚР IoT нарығының сегменттері

Көлік және логистика саласы әлі де болсын бұл нарықта төмен үлестік пайызға ие, дегенмен, «Ақылды қала» жобасы, коммуналдық қызметтерді цифрландыру қалалық логистиканы оңтайландырудың бір бөлігі екендігін атап өту маңызды.

Қорытындылай келе, логистика секторында цифрландырудың маңызы зор екенін атап өту керек. Қазіргі таңда логистикада цифрландырудың өзекті құралдары: электронды құжаттар жүйесі, жаңа инновациялар, IoT технологиялары, т.б. Аталмыш жаңашылдықтарды тиімді ендіру ҚР логистикасын, жалпы экономикасын дамытушы үлкен тірек бола алады.

Әдебиеттер

1. Головенчик, Г.Г. Цифровая экономика: учеб.-метод.комплекс / Г.Г. Головенчик. – Минск: БГУ, 2020. – 143 с.
2. Нурпейісова, Г.Б. Көлік саласындағы цифрлік логистика: оқу құралы. – Алматы: Бастау, 2020. – 432 б.
3. ҚР ҰЭМ Статистика комитеті [электронды ресурс]. – сілтеме: <https://stat.gov.kz/>
4. Forecast of the Kazakhstan IoT market development until 2024. - JSON.TV, 2020.